Бекітемін

Мектеп директорының м.у.а:

------------------------ М. Омаров

**№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебінің жыл бойына өтілетін атаулы мереке күндерінің кестесі. 2023-2024 оқу жылы.**

| № | Атаулы мереке күндері | Өткізетін сыныптар | Өткізілетін Уақыты | Жауапты сынып жетекшілер | Жауаптылар дың қолы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 қыркүйек Білім күні Алғашы қоңырау жиыны | 1-11 сыныптар | 1.09.2023 | Мектеп әкім-гі Сынып жетек-р | |
| 2 | 5 қыркүйек Тіл мерекесін атап өту | 5-11 сын апталығы | 5-12.09. 2023 жыл | Қазақ тілі , орыс тілі, ағылшын тілі | |
| 3 | 1 қазан Қарттар күні | 6а-6ә сыныптар | 28.09. 2023 жыл | Нарбек Н. Өтепбек Н. | |
| 4 | Ұстаздар мерекесі | 7а сынып | 29.09. 2023 жыл | Дюсенғалиева Р. | |
| 5 | 25 қазан Республика күні | 7ә сынып | 25.10. 2023 жыл | Оразбаев Д. | |
| 6 | 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні | 8а сынып | 15.12. 2023жыл | Аманжолов Д. | |
| 7 | Жаңа жыл құтты болсын | 9а-9ә сыныптар | 29.12. 2023 жыл | Раманқұлова Г Сейтбекова Ш | |
| 8 | 1 наурыз «Алғыс айту» күні | 8б сынып | 1.03. 2024 жыл | Бектұрсынова А. | |
| 9 | 8 наурыз Аналар мерекесі | 5б сынып | 7.03. 2024 жыл | Ташимова Г. | |
| 10 | 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні | 10а-10ә сыныптар | 20.03. 2024 жыл | Исатайұлы К. Абдуллин О. | |
| 11 | 1 мамыр Халықтар достығы күні | 5а сынып | 30.05. 2024 жыл | Дайрабаева Г. | |
| 12 | 7 мамыр Отан қорғаушылар күні | 10-11 сыныптар | 6.05. 2024 жыл | А.Ә.Д жетекшісі Аманжолов Б. | |
| 13 | 9 мамыр Жеңіс күні | 8ә сынып | 8.05. 2023 жыл | Парманова М. | |
| 14 | 25 мамыр Соңғы қоңырау | 11 сынып | 25.05. 2023 жыл | Азретова А. | |
| 15 | 1 маусым Балаларды қорғау күні | 5б сынып | 1.06. 2024 жыл | Тунгушбаева Р. | |

**Кестені дайындаған: Белхожаева Қ.**

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.у.а:
М.Омаров
31.09.2023жыл

**№26 «Келес» жалпы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы**
**1 қыркүйек-Білім күні мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары.**

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі, уақыты | Жауапты қызметкерлер |
|---|---|---|---|
| 1 | **1 қыркүйек-Білім күні** меркесіне дайындық жұмыстары жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту және оны бұйрықпен рәсімдеп мұғалімдерге таныстыру. | 30.09.2023ж | Мектеп әкімшілігі |
| 2 | **1 қыркүйек-Білім күні** мерекесіне байланысты тапсырмаларды бөліп беру. | 30-31.08.2023ж | Дтіжо А.Алтыбаев<br>ҮП Б.Аманжолов |
| 3 | **1 қыркүйек-Білім күні** мерекесіне байланысты ұран сөздерді жазып,ілу. | 24.05-не дейін | Қ.Белхожаева |
| 4 | Педагогикалық кеңесте «Алғашқы қоңырау» мерекесінің бағдарламасын талқылап, бекіту. | Пед кеңесте | Мектеп директоры м.у.а М.Омаров |
| 5 | **1 қыркүйек-Білім күні** байланысты өткізілетін салтанатты жиын өткізілетін орынның талапқа сай болуын қадағалау. | 31..09.2023ж | Дшіжо м.у.а: О.Аманжолов |
| 6 | ҚР Туын алып жүретін оқушыларды салтанатты жиынға дайындау. | 31.08-не дейін | Тәлімгер Қ.Белхожаева |
| 7 | 1 сынып оқушыларын салтанатты жиында тақпақ айтуға және қоңырауды алып жүруге дайындау. | 31.08-не дейін | 1 сынып жетекшілері<br>Тәлімгер Қ.Белхожаева |
| 8 | Білім күні мерекесіне келетін қонақтарға шақыру қағазын тарату. | 31.08 –на дейін | ҮП Б.Аманжолов |
| 9 | **1 қыркүйек-Білім күні** мерекесіне байланысты:<br>1. 1 сынып оқушылардының салтанатты жиынға келуі мен олардың жиыннан шығуы кезіндегі лайықты әуеннің орындауына жауапкершілік.<br>2. .Аппаратураның ақаулықтарын анықтау оны жиынға және концерттік бағдарламаға дейін ретке келтіру. | 01.09.2023 жыл | Музыка пәнінің мұғалімі Р.Кенжебаев<br>Тәлімгер Қ.Белхожаева |
| 11 | **1 қыркүйек-Білім күні** мерекесіне байланысты тәртіпті қадағалау | 01.09.2023жыл | Әлуметтік педагог Б.Умирзахова<br>Тәлімгер Қ.Белхожаева<br>Психолог Л.Дүйсенова.<br>Кәсіптік бағдар беру маманы Ф.Илесбаева |
| 12 | Қонақтарға орындықтарды шығарып дайындау. | 01.09.2023жыл | ҮП Б.Аманжолов |
| 13 | Аппаратураларды дайындап, орнықтыру. | 01.09.2023жыл | Музыка пәнінің мұғалімі Р.Кенжебаев |
| 14 | Оқушыларды сапқа тұрғызу. | 01.09.2023жыл | Б.Аденбеков.<br>М.Ерназаров<br>Р.Дүйсенов |
| 15 | Қорытындылау | | Мектеп әкімшілігі |

**Түзген дтіжо:** **А.Алтыбаев**

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.у.а:
______ М.Омаров.

**№26 «Келес» жалпы орта мектебінде**

**2023 жыл 1 қыркүйек-Білім күні мерекесіне арналған салтанатты**

**іс-шарасына құрылған кезекшілік кестесі.**

| № | Кезекшілік жасау орны | Кезекші мұғалімдердің аты-жөні | Таныстым қолы |
|---|---|---|---|
| 1 | **Жауапты кезекші** | **Б.Аманжолов** | |
| 2 | Мектептің жол жақ беті | **М.Ерназаров** | |
| 3 | Мектептің артқы жақ беті сол қанаты | **Б.Адеибеков** | |
| 4 | Мектептің артқы жақ беті оң қанаты | **Р.Дүйсенов** | |
| 5 | 1 қабат | **Е.Санаев** | |
| 6 | 2 қабат | **Н.Нарбеков** | |
| 7 | 3 қабат | **Н.Сазаев** | |
| 8 | Бастауыш сынып ғимаратына | **Қ.Құлбаева**<br>**Хужамкулова К** | |
| 9 | Іс шара өтетін алаңдағы тәртіптің сақталуын қадағалау | **О.Абдуллин** | |
| | | **К.Исатайұлы** | |
| | | **Д.Аманжолов** | |
| | | **Д.Оразбаев** | |
| | | **Б.Аманжолов** | |
| 10 | Мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қадағалау | Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасарының: **О.Аманжолов** | |

**Ескерту:<u>КЕЗЕКШІЛІК УАҚЫТЫ САҒАТ: 9-00-ден 9-45-ке ДЕЙІН.</u>**

Түзген дтіжо: ______ А.Алтыбаев

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.у.а:
________ М.Омаров.

**№26 «Келес» жалпы орта мектебінде**

**2023 жыл 1 қыркүйек-Білім күні мерекесіне, ерікті ер мұғалімдерінен құрылған «Мобильдік топтың» түнгі профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізу кезекшілік кестесі.**

| № | Кезекшілік жасау жері | Кезекші мұғалімдер | Таныстым қолы |
|---|---|---|---|
| 1 | М.Алтыбаев көшесі | Н.Нарбек<br>Д.Оразбаев | |
| 2 | Жеңіс көшесі | О.Абдуллин<br>Н.Нарбеков | |
| 3 | Жеңіс көшесі | Е.Санаев<br>Д.Аманжолов<br>Р.Дүйсенов<br>К.Исатайұлы | |
| 4 | Жеңіс көшесі | Б.Аманжолов<br>Б.Аденбеков | |

Кестені түзген дтіжо: А.Алтыбаев.

Scanned with CamScanner

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.у.а:
__________М.Омаров.

**№26 «Келес» жалпы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына**
**1 қыркүйек-Білім күні мерекесі**
**салтанатты жиынының**
**БАҒДАРЛАМАСЫ.**

**Мақсаты:**

1. Оқушыларға толеранттық түсінік қалыптастыру.
2. Мектеп оқушыларын мектеп дәстүрлерін құрметтеуге, білімге деген құштарлығын күшейту.

**Безендендірілуі:**

- Түрлі жалаушылар,шарлар, ленталар, арка жасау.т.б.

**Жиын өткізудің барысы:**

Мектеп оқушыларын сынып жетекшілері алдын ала дайындалған алаңға сапқа тұрғызуда дайындайды.Мектепке шақырылған қонақтар арнайы белгіленген жайға барып отырады.

Жиынға әскери жетекші шығып оқушыларға бұйрық береді.

Сонан соң мектеп директорына оқушылардың дайындығы туралы баяндайды.

Жүргізуші:

Құрметті мектеп оқушылары мен ұстаздары бүгінгі күн біз үшін ең қуанышты күн Себебі біздің еліміздің барлық мектептерінде дәстүрлі «Алғашқы қоңырау» мерекесі өтіп отыр. Осы жиын алаңымызға мектептің алғашқы рет табалдырығын аттап отырған оқушыларымызды, сынып жетекшілерімен біргелікте қол соғып шақырамыз.

1 сынып оқушылары оқушылары сынып жетекшілерімен бірге жиын алаңына шығып, бір рет айналып орындарына тұрады.

Scanned with CamScanner

Әскери жетекші:

ҚР Мемлекеттік Туын шығарады

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Жүргізуші:

Жиынымзда құттықтау сөзі және жиынды ашу салтанатты мектеп директоры М.Омаровқа беріледі.

Сол сияқты барлық шақырылған қонақтарға сөз беріледі.

Соңынана 1 сынып оқушыларының концерттік қойылымы өтіледі

Жүргізуші:

Әскери жетекші ҚР Туы салтанатты жиыннан шығарылсын.

Мектеп директоры 1 сынып оқушысына қоңырауды табыс етеді.

Алғашқы қоңырау соғылады.

Жиын жабық деп жарияланады.

**Дайындаған дтіжо:** А.Алтыбаев

Scanned with CamScanner

*Бекітемін:*

*Мектеп директорының муа:*

*_____________М Омаров*

**№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі.**

# *1 қыркүйек – Білім күні!*



## *«Мектебім - мейірім мекені » алғашқы қоңырау салтанатты жиынның бағдарламасы.*

**Бәйтерек ауылы**

**2023-2024 оқу жылы.**

Scanned with CamScanner

**«Алғашқы қоңырау-2023»**

**1.09.2023 жыл.**
**Жүргізушілер: Нарбеков Нұрлан. Абуеева Майра.**
**1 қыркүйек-Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені» алғашқы қоңырау салтанатты жиынның сценарийі.**

**1**.Қайырлы күн бүгінгі салтанатымызға жиылған қауым!

**2**. Армысыздар, құрметті ұстаздар қауымы!

**1**. Бармысыздар, қымбатты мектеп оқушылары!

**2**. Қош келдіңіздер, қымбатты ата-аналар мен мереке қонақтары!

**1.** Бүгін 1 қыркүйек-білім күні. Тәуелсіз еліміз-Қазақстан Республикасының тарихындағы, сондай-ақ Қазақстанның әрбір азаматының, мектеп жасындағы баланың өміріндегі елеулі күн. Өйткені Білім күні- өз мектебін сүйетін және ұмытпаған адамдардың дәстүрлі мерекесі.

**2**.1 қыркүйек әсіресе мектеп табалдырығын тұңғыш рет аттағалы тұрған, жаңа өмірге қадам жасаған бірінші сынып оқушылары үшін қуанышты күн. Бұл олардың жадында сақталатын және тебірене еске алатын күн болады.

Бұл күн- бүлдіршіннің балалықтың бал-шағымен қоштасып, білім еліне аттаған алғашқы қадамы.

**1**.Ендеше, болашақта елінің атын әлемге танытар, ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, білім бұлағынан сусындауға асығып келе жатқан жаңа буын шәкірттеріміз- 1 сынып оқушыларын олардың сынып жетекшілерімен құрметпен ортаға шақырамыз.

**1 «а» сыныбы- сынып жетекшісі Бекжанова Жанат**
**1 «ә» сыныбы- сынып жетекшісі Алтыбаева Меруерт**
**1 «б» сыныбы- сынып жетекшісі Кубенова Акерке**

**2.** Біреулер енші ап өмірден
Түлеп ұшты асып қыр.
Бүлдіршін балғын көңілмен
Алғашқы қадам басып тұр.
Сондықтан да назарды
Солар жаққа бұрайық
Балдырғанды кішкентай
Қарсы алып қол соғайық!

**(Музыка ойнап тұрады, 1 сынып оқушылары кіреді.)**

Scanned with CamScanner

1 .**Жасақ түзел, тік тұр!** Мазмұнына өрнегі жарасқан , тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі желбіресін – дей отырып, салтанатты жиынымызға мемлекеттік туымыз ендірілсін!

**2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.**

**Құрметті бүгінгі мерекеге жиылған қауым!**

Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен құттықтаймыз. Сіздерге бүгінгі ерекше жайма шуақ күні жақсы көңіл-күй тілейміз. Білім күніне **«Мектебім-мейірім мекені»** салтанатты жиынымызды ашып беру үшін мектебіміздің директоры Омаров Мұқағали Тұрсынбайұлына сөз кезегін береміз.

1. Бүгінгі салтанатты жиынымыздың құрметті қонағына құттықтау сөз кезегін жолдаймыз.

..............................................................................................................................

2. Ендеше сөз кезегін ұлағатты ұстаздарымыз Оразбаев Лесбек ағай, Ташимова Ұлданай апай жәнеде Хұдайбергенов Баймуса ағайларға береміз.

1. Қасиетті қазақ халқы «Бала-бауыр еті» деп баласын шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, әрбір қадамына қуанып, шілдехана, бесік той, тұсау кесер тойларын жасаған. Ал бүгінгі тойымыз бүлдіршіндердің 6 жасқа толып, мектептің 1-ші сыныбына қабылданып «Алғашқы қоңырау» мерекесіне қатысу сәті. Бұл той- бүлдіршіннің білім еліне аттаған алғашқы қадамы. Олай болса, толқу үстінде тұрған ата-аналарға сөз кезегін ұсынамыз және де алғашқы ұстаздарынан сөз кезегін береміз.

2. Жүрегі нұр, өмірі гүл ұстаздың
Сондықтан да ұстазыңа ұқсағын.
Адам жанын тәрбиелеп, аялар
Құрметті ғой әрбір ісі ұстаздың.
6-ға енді келсең де,
Санап, жаза аласың
Келдің, міне, мектепке,
Құтты болсын қадамың.
Шаттанасың, ойнайсың
Білімді де ойлайсың.
Тәуелсіз елдің мейрамын
Сен де бірге тойлайсың. **Сөз кезегі 1 сынып оқушыларына.**

1. **Жасақ түзел, тік тұр! Қазақстан Республикасының туы шығарылсын!**

Scanned with CamScanner

2. Жиынымыздың ең бір ерекше сәтіне де келіп жеткендейміз. Ол- алғашқы қоңырау соғу салтанаты. Бұл құрметке тұңғыш мектеп табалдырығын аттағалы тұрған 1 сынып оқушылары ие болғалы тұр. Қоңырау соғылады.

1 Күмбірлеп кеудесінде асқақ әні,
Ұстазды қадірлейді жас та, кәрі.
Білімнің биігіне басқан қадам
Алғашқы қоңыраудан басталады.

Әрқашан ата берсін күліп таңдар
Ойларың болсын дәйім тұнық, заңғар.
Атамыз Ыбырайдан бастау алған,
Алғашқы қоңырауды ұмытпаңдар!

**Алғашқы қоңырау мерекесі құтты болсын!**

**2.** Бүлдіршіндер, сендерге артар міндет көп,
Көтеріңдер мектеп атын құрметтеп.
Білім көзін аша білсең тереңнен,
Жетелейді армандарға бұл мектеп,- деп
**«Мектебім-мейірім мекені»** салтанатты жиынымызды жабық деп жариялаймыз.
Шәкірттерімізді алғашқы білім сабағына шақырамыз.
Қош сау болыңыздар!

(Музыка ойнап тұрады)

Scanned with CamScanner

**Хаттама №1**

**Күн тәртібінде:** *« 1 Қыркүйек Білім күніне орай алғашқы қоңырау»*
**«Мектебім мейірім-мекенім» салтанатты жиыны 1 сынып**
**Қатысқаны :** 1 сынып оқушылары.
**Мерзімі :** 01.09.2023 жыл

Мерекелік шара 1-11 сынып оқушылары үшін ашық алаңда салтанатты жиын ұйымдастырылды.Салтанатты жиында мерекелік нөмірлер 1 сынып оқушыларымен орындалып,мектеп директоры: Омаров Мұқағали бүлдіршіндерге «Әліппе» оқулығын табыстады. Мектебіміздегі барлық сынып жетекшілер өз сыныптарында «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» атты сынып сағаттары өтті. Тәрбие сынып сағаттарының мақсаты, мазмұны ұсынылды. Білім күні – бұл ең алғаш қоңырау, көп әсем гүлдер және ақ бантик күні, әрине, дәстүрлі ең алғаш сабақ, әлем сабағы. Мектеп табалдырығын ең алғаш рет аттаған балалар үшін бұл күн өте маңызды, көптен күткен күн. Н. Ә. Назарбаев: «Алдымызда асу – асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқып соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!»- деп айтқандай, біздер, жас ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу.

Сондай-ақ мемлекетіміздің өз **Ата заңы** бар. 1993 жылы 28 қаңтарда ҚР тұңғыш Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа конститутциясы қабылданды.Адамның өмірін, денсаулығын, тыныштығын мемлекетіміздің Ата заңы қорғайды.

-Сондықтан, халқымыздың бүгінгі уақытқа дейінгі жеткен жетістіктері өздеріңе аманат. Сондай-ақ, еліміздің егемендігін танытатын ресми ерекшелік белгілері: Ана тіліміз, Елтаңбамыз, Туымыз, Ата заңымыз, Әнұранымызды бойындағы бойтұмарындай сақтап қана коймай, құрмет тұтып, еліміздің нағыз патриоттары болатындарыңа сенім мол дей келе оқушылар сендерге сенетінімізді ұмытпаңдар!

**Қаулы :** 1 Қыркүйек Білім күніне орай алғашқы қоңырау салтанатты жиынын өз дәрежесінде өтті.Өткізілген тәрбиелік сағаттар мектептің әлеуметтік желелеріне түгел жариялансын.

**Тәлімгер:** **Қ. Белхожаева**

Scanned with CamScanner

Түркістан облысы,Келес ауданы,№26 Келес жалпы орта мектебі

# Ашық тәрбие сағаты

Тақырыбы: «Қарттарым -асыл қазынам»

1 қазан-Қарттар күні

6ә сынып

Сынып жетекшісі:Өтепбек Н

2023 ж

Scanned with CamScanner

***1-қазан Қарттар күніне арналған концерттік бағдарламаның сценарийі***

**1-жүргізуші:** Армысыз ауылымның асылдары,

Жайналсын көңілдердің жасыл бағы.

Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би,

Сіздер үшін мереке шашулары.

**2-жүргізуші:** Қош келдіңіз ақ жаулықты аналар,

Ақыл кенін арқалаған аталар.

Алдарыңда жауқазындай құлпырған,

Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

**1-жүргізуші:** Қымбатты ақылдың кенін арқалаған айбынды аталар! Ақ жаулықты аналар! Барлықтарыңызды қазан айының алғашқы мерекелері қарттар күнімен құттықтаймыз дей отырып ортаға *Бахадир Гауһардың орындауында «Әжем» әнін қабыл алыңыздар!*

**2-жүргізуші:** Аппақ шашың күн сайын қылаңдаған,

Зейнет емес бейнеттен арылмаған.

Тәңірімдей табынып өтем мәңгі,

Қариялар өзіңді ел сыйлаған.

Scanned with CamScanner

**1-жүргізуші:** Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше.

**2-жүргізуші:** Олай болса, әр халықтың бойында ықылам заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерешеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу.

**1-жүргізуші:** Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы тілегей теңіз болып келеді. Міне, осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін 1-қазан Қарттар күнімен құттықтай отырып ***«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»*** атты кешімізге қош келдіңіздер дегім келеді._

**2-жүргізуші:** Алдында ақыл берер қария ғой,

Жақсылар жақсылыққа жария ғой.

Жастарға ол парасатты кеңес берер,

Сөзге бай ағып тұрған дария

**1-жүргізуші:** Халқымыздың тәлім-тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, аталар ақылымен берісіп, өзіндік қасиетімізді қалыптастыру көзделген.

Менің әжем, ақ әжем,
Ұл мен қыздың бағы әжем.
Ертегі айтып бер десем,
Айтып береді тағы әжем
Менің әжем, гүл әжем,
Алтын әжем, нұр әжем.
Анам үшін, мен үшін,
Нағыз әжем, тіл әжем.
--------------------:
Менің әжем, жыр әжем,
Шуағы мол нұр әжем.
Ақ таяққа сүйеніп,
Аман — есен жүр әжем.

Scanned with CamScanner

----------------------:

Көп жасаған қария,

Ақылы теңіз дария.

Көп өнеге сөзі бар,

Сөзі-соқпақ, сөзі-нөр.

---------------------:

Ата отыр көріміз,

Қуат берер дәріміз.

Әулиедей аялап,

Ардақтаймыз бәріміз!

**1-жүргізуші:** Той деп бүгін шашу шашады

Той деп бүгін әлем сырын ашады

Қарттар күні мейрамына арналған

Бишілер өнерлерін шашады.

Мектебіміздің биші қыздарын сіздердің қошеметтеріңізбен ортамызға шақырайық!

**2-жүргізуші:**Асқар тауым, ақылгөйім, ғұлама,

Аспанымдай мәңгі жаса, құлама

Ер жетсем де еркелігім қалмайды,

Көз алдымда сен тұрғанда ұлы Ана!

Scanned with CamScanner

---------------------------:

Болашақ күшін бәріне шыдаған
Көз жасын көрсетпеген ешқашан
Шаршамаймын сіздерді мен мақтауға
Жолдарыңыз ашық болсын әрқашан

----------------------------:

Әжем менің асыл жан

Жақсылыққа үйретіп,

Жамандықтан шектейді.

Әжеме ешкім жетпейді!

**1-жүргізуші:** Ата ардақты тұлға. «Әкеден ұл тусайшы, ата жолын қусайшы» деп халық ұрпаққа атаның мұрасын жалғастыруды уағыздайды. Ата ұрпағының қайырымды, мейірімді, ақылды, іскер болуын тілеп сол үшін қамқорлық іс-әрекеттерін жерге жеткенше дамыта береді, өнеге көрсетеді, өсиет айтады.

**2-жүргізуші:** Қарттарды құрметтейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтамен орындайтын, әдептілік, кішіпейілділік, сергек сезімталдық көрсету сынды қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?!

**Көрініс:** Бір үйде төрт адам. Ата, бала, келін, немере. Кәрі кісі тәрелкені сындырып алады деп, келіні атасына тамақты ағаш табақпен береді. Бір күні шалдың немересі ағаш жоныпты.

Әке-шешесі:
-Балам, не істеп отырсың?- деп сұрайды.
— Ертең сендер картайып, атам сияқты болғанда тамақ ішетін ағаш табақ жасап отырмын, — депті баласы. «Әкесін сыйламағанды, баласы сыйламайды»,- деген бар емес пе? Ата-анаға қатыгездіск жасаған адам дүниедегі ең күнәсі көп, адамдық ардан безген жан болып саналады. Қазақ халқында ондай пенделер қатаң жазаға, қатты қарғысқа ұшыраған.
Алайда, «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада», — демекші, өзінің

Scanned with CamScanner

перзенттік борышын түсінбеген, сөйтіп, ата-анасын жерге қаратып, көкіректерін қарс айырғандар бұрын да болған, қазір де жоқ емес.

**1-жүргізуші:** Тұра-тұршы есейгенде ұл-қызың,

Жүре тұршы жалғанғанда үзігің.

Маған бақыт неге керек, ақ әже-ау?!

Өзің бірге көре алмасаң қызығын.

Сіздердің құрметтеріңізге ___________ *әнін 5-сынып оқушысы* ___________ *қабыл алыңыздар!*

**2-жүргізуші:** Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – ол баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ – ол ұрпақ көрегендігі.

**1-жүргізуші:** Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.!

**1-жүргізуші:** Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатырған салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың біз үшін орны бөлек. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер.

**2-жүргізуші:** Сіздерсіздер бүгінгі ұлықпандар,

Мың жасаған ұрпақпен ұлық жандар.

Қарттар тарих, қазына, ел қазығы,

Ей, адамзат, осыны ұмытпаңдар!

*«___________» әнін 6 сынып оқушысы ___________ қабыл алыңыздар!*

**1-жүргізуші:** Абырой амандығың арта берсін,

Scanned with CamScanner

Бақ дәулет қызығымен қатар берсін.

Ұрпағың жақсы көрген жиі келіп,

Таусылмас дәм-тұзыңды тата берсін.

___________ *биі*

**2-жүргізуші:** Тыныштық елімізге бере берсін,

Молшылық жерімізге ене берсін.

Соғыстан ел жұртымыз аман болып,

Қызығын бейбіт өмір көре берсін.

**1-жүргізуші:** Алатаудай кейпі биік қашанда,

Таң сызылып, күлер нұр шашарда

Бата бер деп бар адамдар жаяр қол,

Бір биіктен бір биікке асарда.

Scanned with CamScanner

**Хаттама №2**

**Күн тәртібінде:** «Қарттарым аман жүрмісің» кездесу.

**Қатысқандар:** Ауыл қариялары мен өзін-өзі басқару ұйым белсенділері.

**Мерзімі :**02.10.2023 ж

Төрінен қарт кетпесін деп тілеген халықпыз. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу- біздің ата дәстүріміз,Қай жерде де ата-анаға қызмет көрсетуге тиістілігіңді ұмыту әсте жарамайды.Қарт адамдардың үйретуге де, ақыл айтуға да моральдік құқы бар.

Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке шешесі және атасы мен әжесі секілді қымбатты «Қонағы» болса, ол үйіне олардың артық Құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын , егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап , қамқорлық жасаса , қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты

Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп , көңіл аударып , жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне , еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз.Саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектермен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің еңбегі ерекше.Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қарттар-біздің асыл қазынамыз.Қазақтар – « Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу біздіңатадәстүріміз.
Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз.
«Бабаларым, рахмет сендерге!
Балаларым болмасын деп бос кеуде,
Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің,
Өмірге мен мылқау болып енгенде
Бабаларым, рахмет сендерге!»,- деп Мұқағали Мақатаев атамыз айтқандай
міне, балалар, біз өзіміздің ата-әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. №26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебінде 1 қазан- " Халықаралық қарттар күніне" орай "Жан жылуын сыйлаймыз" атты қарттарға қолғабыс жасау күні ұйымдастырылды. Іс- шараның мақсаты: оқушылардың бойына үлкенді сыйлап,ұлттық сал- дәстүрін сақтауға, қарттардың сөздерінен ғибрат алуға тәрбиелеу.

Scanned with CamScanner

Қарияларымызды құрметтеп, мектебіміздің "Жас ұлан"," Адал ұрпақ"ерікті клуб мүшелері мектеп мөлтек ауданында тұратын қадірлі апамызға барды.Қарияларды ардақтау- біз үшін парыз. " Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет" ете білген, бізге тағлымды жол көрсеткен аға ұрпақтың берген тәрбиесі мен тәлімі мол.

Қазыналы қарияларымызды қадірлейік

**Тәлімгер:** [signature] **Қ. Белхожаева**

Scanned with CamScanner

*Түркістан облысы Келес ауданы*

# №26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# «Ұстаздар ұлы тұлғалар» атты ұстаздар күніне арналған мерекелік тәрбие сағаты

**Бәйтерек ауылы**

**2023-2024 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

## Мұғалімдер күні мерекесіне арналған

## «Ұстаздар – ұлы тұлғалар» атты мерекелік тәрбие сағаты.

Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету.

1. Саламатсыздарма құрметті ұстаздар қауымы!
Сіздерді 5 қазан Ұстаздапр мерекесімен құттықтаймыз, сіздерге зор денсаулық ұзақ өмір , еңбектеріңғізге табыс, жүздеріңізге жарқын қуаныш , әрбәр шәкірттеріңіз биіктерден көрініп мәртебелеріңіз биіктей берсін.

2. Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – Ұстаз.
«Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған.«Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер « ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады.
Шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегі ұшан теңіз. Сондықтанда ұстаз әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.
Олай болса, қадірлі ұстаздар!
Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз.
Сіздердің шәкірттерді тәрбиелеп, білім беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін.
Еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақыт,

Scanned with CamScanner

мерейлеріңіз үстем бола берсін демекпіз.

4.Ұстаз! Осы бір сөздің өзінде қаншама мән – мағына, қасиетті ұғым жатыр. Ұстаз алдынан өтпейтін ешкім жоқ. Жүрексіз өмір болмаса, мұғалімсіз білімнің, тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Небір данышпан адамдар, қарапайым еңбеккерлер, тіпті арман қуған жеткіншектер де бәрі бір адамға қарыздар.

Әдеби монтаж

Ән: « Ардақты ұстазым» әнін қабыл алыңыздар.

1.Есенәлі Ақбота.

Ән: «Ардақты ұстазым» әнін қабыл алыңыздар.

2.Үсен Зейнеп .

«Ұстазым» әні .

3. Көрініс «Ұстазыңды қадірле»

4. Қазақша би: Қамажай қыздар тобы.

5.Түймебай Айбаттың орындауында «Ұстазым» әні

6.Монолог : Қарлыбай Элмира

7.Үнді биі: Имаш Жансая мен Жұмабай Арай.

8. Бұл менің анам әнін орыдайтын Есенәлі Ақбота.

9. Өзбекше би: Сералиева Гүлсезім

10. Ән: Ержеттім әке: орындайтын Түймебай Айбат

Құрметті ұстаздар сіздерге арналған мерекелік сазды бағдарламамызды аяқтаймыз. Амандықпен кездескенше мерекеден мерекеге жете берейік.

ҚОШ САУ БОЛЫҢЫЗДАР!

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

**Хаттама №6**

№26 «Келес» жалпы орта мектебі» КММ-сі

**Күн тәртібінде:** «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік концерт

**Қатысқандар:** Өзін –өзі басқару ұйым белсенділері.
**Мерзімі :** 05. 10.2023 ж
Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.
Ұстаз еңбегін арқашан бағалай білуге үйрету.
Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу тілдерін *дамыту*.

Оқушыларды ардақты да аяулы ұстаздарын құрметтеуге, сыйлай білуге үйрету, *адамгершілікке*, сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында мектебіміздің өзі-өзі басқару ұйымының белсенділерінің ұйымдастыруымен мектебіміздегі барша ұстаздарға видеоқұттықтаулар арналды. Баршамыздың сауатымызды ашып, білім нәрімен сусындатып, өмірге қанат қақтырған ұлағатты ұстаздар, мерекелеріңіз құтты болсын! «Ұстазым, ұлағатым, үлгі - өнегем» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!
Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, темір балқытқан жұмысшы да, егін салып, мал бағып, терін төккен шаруа да, көкті шарлаған ғарышкер де, бәрі - бәрі ұстаздан білім үйреніп, тәлім алған.
Ұлағатты ұстаздар! Сіздерге бүкіл адам баласы бас иеді. Мерекелеріңізбен! Ұстаздар күні – бұл дәстүрлі әрі бүкілхалықтық мереке. Ұлы ғұламалардың да ұстазы болған. Сондықтан да осы ұлы мамандық иелеріне арналған мерекелік шараның мақсаты ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтау, ұлы мамандыққа бас ию, құрмет көрсету Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі-Ұстаз.

Ұстаз деген сөз қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер «Ана тәрбиесін көрген»деген сөздермен ұштасып жатады. Ұрпақ тәрбиесі- ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз

Ұстаз ақыл-ойы мен күш- қуатын балаларға арнап, жан аямай еңбек етеді. .Өйткені, ол оның көкірек көзін ашып, дүниетанымын кеңейтіп, қияға қанат қақтырады. Сондықтан, болар кейбір дарынды ойшылдар да, тіпті арман қуған балалар да ұстазды ерекше пір тұтып, қадірлейді. Сондықтан ұстазды қадірлейік, ренжітпейік деп мектеп педагог – ұйымдастырушысы мектептің фезбук парақшасына «ұлағатты ұстаз -сіз» атты ұстаздардың өмірбаянымен жеткен жетістіктерін жинақтап әр ұстазға пост жарияланды.

**Қаулы:** «ұлағатты ұстаз -сіз» атты мақала жалғасын тапсын.

**Аға тәлімгер:** **Қ. Белхожаева**

Scanned with CamScanner

**ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТУГЕ КЕЛГЕН БІЗДІҢ ШӘКІРТТЕР МЕКТЕПТІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІН БІР КҮНГЕ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТТІ**

**«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» МҮШЕЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ДУБЛЕР КҮНІ» ӨТКІЗІЛДІ**

№26 «Келес» жалпы орта білім беретін мектебінде 2023 жылғы 5 қазан күні өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» білім алушылардың өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды.

"Мектеп Парламенті" мүшелері мектебіміздегі барлық сыныптардың топбасшыларымен бірлесе жоспар құра отырып, ұстаздар қауымының көңіл-күйлерін көтеріп, жүректерін нұрға толтырды. Парламент мүшелері таңертең мектеп оқушыларын қарсы алып, Қазақстан Республикасының Әнұранын орындап, ұстаздарды қарсы алып, мектеп әкімшілігінің, ұстаздардың атқаратын жұмыстарын өздері жасады.

"Мектеп Парламенті" президенті Есенәлі Ақбота өз көмекшілерімен бірге мектебіміздің директорының міндетін уақытша атқарушы Омаров Мұқағали Тұрсынбайұлының бастамасымен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алтыбаев Арапбай Текебайұлының жетекшілігімен ұстаздардың бір күнін шаттыққа толы ету үшін жұмыс жасады.

Жас жеткіншектердің шығармашылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін, коммуникативті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында атқарылған жұмыстар өзінің оң нәтижесін берді.

"Мектеп Парламенті" президенті Есенәлі Ақбота парламент мүшелеріне ұстаздарына тамаша көңіл-күй сыйлай білгендігі үшін шексіз алғыс айтамыз! Жақсылыққа толы жақсы күндерің көп болсын, әлемді өзгертуге келген біздің білімді шәкірттер!

Дайындаған: Тәлімгер: Қ. Белхожаева

Scanned with CamScanner

Тексерілді
Мектеп директорының
ТІЖО: А. Алтыбаев

Келес ауданы

№ 26 «Келес» жалпы орта мектебі

# Тәрбие сабақ

**Тақырыбы:** ***Менің Отаным - Қазақстан***

**Сыныбы: 7ә**

**Орындаған:** ***Оразбаев Досжан***

**2023-2024 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

# Менің Отаным – Қазақстан

**Жүргізуші:**
Ассалаумағаликум, халқым менің,
Жайнаған жүрегімде жарқыл ма едің?!
Тірлігің өз халқына жаңа тиді,
Ендігі елдігіңнен тартынба елім.

**Жүргізуші:**

Қайырлы күн, құрметті достар!
Республика! Ерікті ел Қазақстан
Келді ақыры көптен күткен жаз алыстан
Келді аңсатып, алыстатып армандатып
Гиорды бұзған , меңде бір аз арыстан

**Жүргізуші:**
Қызыл бұлттай көрсең қырдың гүлдерін,
Көрсең ашық Ала таудың күндерін.
Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген,
Ұлан байтақ Республикам бұл менің.

Жүргізуші: 25 қазан – Республика күніне арналған ұлттық мерекелік салтанатты бастаймыз.
Туған жеріміздің тұғыры биік болсын халқым.

**Қазақстан Республикасының әнұраны орындалсын**

Ұшырмай көкіректен жыр кептерін,
Өлеңсіз аша алам ба сыр беттерін?
Армысың жиналған топ үлкен, кіші,
Армысың айналайын халқым менің.

Біздің дүниеде бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан.
1990 жылы 25 қазанда Республиканың жоғары кеңесі еліміздің тәуелсіз мемелекет ретінде дамуының құқықтық негізін қалаған Декларацияны қабылдады. Осы тарихи маңызды қадам арқылы Қазақстан дербестіктің, тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағын басты. Сол уақыттан бері мемлекетіміз өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына төтеп бере отырып, даму мен өркендеу жолында келеді.

Scanned with CamScanner

Отан, Отан!!! Сен болмасаң нетер ем?
Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем!

Қазақстан Республикасына деген әрбір азаматтың мақтаныш сезімі мереке кезінде қалай болса да шалқитындай реті бар. Ата - бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері еліміз талай – талай асқарлы асуларды бағындырды. Өтпелі кезең ауыртпалықтарын бастан өткізіп, оңай тимеген экономикалық, саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазақстанды бүгінде әлем жұртшылығы нарықтық экономикалы – демократиялық ел ретінде таниды. Елімізде халықтар достығы жақсы сақталып келеді. Ол жетістікте сөз жоқ еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген үлкен еңбегі бар. Ел бірлігін сақтауда татулықтың үлкен байлық екендігін бүгінде Қазақстан халықтарының барлығы айқын сезінеді. Біз туған мемілекетіміздің тәуелсіздгін баянды етуге, қуаттын артыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Қазір қазақстан – көп елдермен терезесі тең, елдік рәміздері анық, мәртебесі беделді мемлекет.

**Жүргізуші:**
Ассалаумағаликум, халқым менің,
Жайнаған жүрегімде жарқыл ма едің?!
Тірлігің өз халқыңа жаңа тиді,
Ендігі елдігіңнен тартынба елім.

Қазақстан, Қазақстан – алтын күн,
Жанымызда жарылқайтын жарқын күн.
Атандың сен барлық әлем тілінде,
Атыменен «Қазақ» деген халқының.

**Жүргізуші:**
Қазақстан, Қазақстан – ұлы анам,
Есімінді естігенде қуанам
Қазақстан – қиял жетпес биік тау,
Қазақсатн – жазғы күнгі гүл алаң.

**Жүргізуші:**
Ел жоқ білем аңсамаған теңдікті,
Еркін жүріп көксемеген кеңдікті
Он бес жыл болды, тәуелсіздік алдық біз.
Жалғастырып баба жолын, елдікті.

Scanned with CamScanner

Шақырады Елбасымыз бірлікке,
Еңбек ет деп, күніңді көр тірлікте.
Татулық бар, еңбек өмір тілегі,
Неге қажет даурықпа сөз, дүрлікпе.

Әнұран бар ұрпаққа өсиет шашқандай,
Теңгеміз бар тайға таңба басқандай.
Көк байрағым көкте биік желбіреп,
Бірлікке шақырып бізді жатқандай.

**Жүргізуші:**
Бұл күнде қазақ елі дамып жатыр,
Аты – жөнін жер әлем танып жатыр.
Халқының ілгерілеу қамын ойлап,
Елбасым шартарапқа барып жатыр.

Аман жүрсін бар қауым тыныс алған.
Тыныштық болса дейміз жер бетінде,
Бейбітшілік, азаттық ел еркінде.
Желбіреп көк байрағы қазағымның,
Биік бола берсе екен ел көркіне.

Жүргізуші: 1990 жылыдың 25 – қазанында Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Декларация Қазақстанда тұратын халақтарды топтастыру мен олардың достастығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп белгіледі. Бұл күн – ұлтық мереке, Республика күні.
Жүргізуші: Тәуелсіз елдің рәміздері: мемлекеттік жалау, елтаңба, әнұран бекітілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық ақшасы, теңге айналымға түсті.

**Жүргізуші: Ту.**

Желгіре туым желбіре,
Көргенде сені қуанам.
Мақтан қып сенің сәніңді,
Атманмен алыс атанам.
Желбіре туым, желбіре,
Әлемге жетсін шуағың.
Өзіңді ұстап қолыма,
Қасқайып төрде тұрамын.

Scanned with CamScanner

**Жүргізуші:** **Елтаңба**

Алтын қанат көмкерген.
Шаңырақ бар, уық бар.
Әсем бине сен қыран,
Жай бине емес ұғып ал.
Көгілдір түс аясы.
Бейбіт дала елесі.
Шаңырық жұрт панасы,
Уықтан күн сәулесі.
Аңызға ұшқыр тозімді,
Пырақ халық арманы.
Жоғары да түсер көз,
Бас бармақты жұмуға.
Ал, Қазақстан деген сөз.
Таныс барлық ұл, қызға.
Маған, саған қымбатты
Ел таңбасы ол – Елтаңба.

**Жүргізуші:** **Теңге.**

Шыныменен Алла рахым берді ме?
Қазғымның көз жасын ол көрді ме?
Мәңгілікке жасай берсін теңгеміз.
Қолды жаймас, кезегіне келді ме?

**Жүргізуші:** Тәуелсіз елдің өз Парламенті, мемлекетіміздің айшықты белгісіндей Ата заңымызды қабылдып, қазақ тілі – мемлекеттік тіл дәрежесін алды.
Жүргізуші: Біз Қазақстан халқы, қазақ жерінде мемлекет құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік, татулық, бейбітшілік, азаматтық қоғам деп, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілікті негізге алып, Ата заң – Конституцияны қабылдадық.
Жүргізуші: Астана қаласы 1997 жылы желтоқсанның 10 – нан бастап қазақстан мемлекетінің елордасы атанды.

**Жүргізуші:** Бірлік, татулық, ынтымақ! Халық осы үш ұғымның қадірін жақсы біледі. Қазақстан Республикасы жүздеген ұл пен ұлыстың басын біріктіріп, ынтымағын жалғыстырып отырған Ұлы мемлекет.
**Жүргізуші:** Қазақстан өз Президентін Ұлы тұлға деп мақтана алады.

**Жүргізуші:** Елім менің!
Қазақстан – менің туған анамсың,
Өзгеде жоқ, өзімде бар даламсың.
Кеңдігіңмен, молдығыңмен момақан,
Ақыл, сабыр үлестірген данамсың.
Елім менің атыңды атап ер жеттім,
Ақ сүт беріп, әлдиінмен тербеттің.
Тербеттің де, құдіретті сөз бердің,
Тек өзіңе тең биікпен сөйлетің.
Соның бәрін көрсеттірген өзіңсің,
Ғажаптармен жол шектірген өзіңсің.
Қазақстан, менің Қазақстаным!
Сезімсің де жұртқа қарар көзімсің!

Scanned with CamScanner

**Жүргізуші:**
ПРЕЗИДЕНТ.
Шықты тарап ой данадан,
Бері қарады жұлдыз беті.
Өзі қалап, сайлап алған,
Елімнің бар Президенті.
Аман бол алтын жүрек, дана басым.
Ел үшін өлімге де бара аласың.
Буынның бүгілмесін ел алдында,
Ертең де еңбегіңді бағаласын.

**Жүргізуші:**
Қазақстан – туған Отан алтын бақ, Қазақстан – мейірлі ана, дос қымбат.
Қазақстан – бізді туған Ұлы Отан, Ұлы жолға түсті келіп жарқылдап.
Қазақстан – көпті көрген қария, Жайнай берсін, жайнай бер сен мәңгілік!

Құттықтаймын қазағым,
Республика күнімен.
Бар ғаламға танылсын,
Әнұраным үнімен

Азаттықтың көк туы
Желбіресін көгімде
Бар жақсылық орналсын,
Егемендік елімде

Қазақ аты танылсын
Барлық әлем жұртына
Таңдасын да таң қалсын
Салт-дәстүрім, ғұрпыма

Scanned with CamScanner

Жақсылар жанын қиды қасіретпен
Алаштың ерлері бар асыл өткен
Арманым болмас еді ау туған өлкем
Гүл жайнап, қазақ болып тасып өтсем

Өр елім маңдайыңнан жарық көрдім
Бабалар өнегесін алып келдім
Ескерткіш елім үшін орнатпасам
Мына жалған өмірге неғып келдім

Рухынан жақсылардың нұр саулаған
Жанымда мейірімі құрсаулаған
Жайсаң өлке, Қазақстан
Шуақ шашқан сәулелі күнсің маған

Нұрына шомылдырып алтын күннің
Республикам ертеңге талпындырдың
Өзіңе шабыт алып ақын қиял
Шалықтап кең далада шалқып жүрмін

Егемен елім десем ,сенім кіріп
Бойымды билеп кетер сенімділік
Ешкімге ауыстырмас алтын Отан
Жырлаймын қасиетіңді төгілдіріп

Жарқырап жанған күндей азаттығы
Көрінер ұлтымның да ғажаптығы
Рксniублика күнімен құттықтаймын
Өйткені ол- ұлт күні, Қазақ күні

Scanned with CamScanner

КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «№26 КЕЛЕС ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №26 КЕЛЕС ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

25.12.2023 № 28

**«Қош келдің,Жаңа жыл!» мерекелік іс-шарасын өткізу туралы**

Келес ауданының білім бөлімінің 22.12.2023 жыл №263 н/қ санды бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектепте **«Қош келдің, Жаңа жыл!»** мерекелік іс-шарасы 27-28 желтоқсан күндері өткізілсін.

2.Мектепте **«Қош келдің, Жаңа жыл!»** мерекелік іс-шараларына дайындық барысында әрбір білім алушыға жеке көзқарас қағидаларын балалардың қауіпсіздігі мен амандығын сақтау қамтамасыз етілсін.

Педагогикалық этика және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында:

-іс-шара өткізуге аниматорлар, мерекелік агенттіктер, жеке студияларды тартуға;

-жаңа жыл мерекесін сән-салтанатты өткізуге;

-салтанатты дастархан ұйымдастыруға;

-әкімшілік педагогикалық қызметкерлерге сыйлықтарға ақшалай қаражат жинауға жол беруге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

3.Оқушылардың денсаулығына қауіпті жағдайлар мен олардың алдын алу мақсатында қосымшада берілген қауіпсіздік нұсқаулығы басшылыққа алынсын.

4. **«Қош келдің, Жаңа жыл!»** мерекелік іс-шаралар жоспарын бекітіп, мектептің ресми сайты Facebook парақшаларына жарияланып және

Scanned with CamScanner

атқарылғаны жөніндегі ақпаратты а.ж 29 желтоқсаннан кешіктірмей **dusebek_86@ mail.ru** электронды почтасына жолдау педагог ұйымдастырушы Б.Аденбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Алтыбаев пен директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.Абылбаева, педагог ұйымдастырушы Б.Аденбеков, педагог психолог Л.Дүйсенова, әлеуметтік педагог Б.Умирзахова, кәсіби бағдар беру маманы Ф.Илесбаева және сынып жетекшілерге жүктелсін.

6. Бақылау мен басшылықты өзіме қалдырамын.

**Негізі:** Келес ауданының білім бөлімінің 22.12.2023 жыл №263 н/қ санды бұйрығы.

**Мектеп директорының**
**міндетін уақытша атқарушы:**__________ М.Омаров

Scanned with CamScanner

**Мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарында Жаңа жыл мерекесіне арналған қауіпсіздік нұсқаулығы**

**Жаңа жылдық шыршалар кезінде қоғамдық орындарда және басқа адамдар көп жиналатын орындарда өзін-өзі ұстау ережелері:**

- мектептің акт залындағы жаңа жылдық қойылымға келген оқушылар сынып жетекшісінің нұсқауларын орындауы қажет және жаңа жылдық іс-шаралар кезінде әдеттегі өрт қауіпсіздігі ережелерінен басқа, мереке күндерінен тек жағымды эмоциялар алуға мүмкіндік беретін бірнеше қарапайым ережелерді сақтау керек.

Сонымен қатар:

- шыршаны шүберекпен және пластик ойыншықтармен безендірмеу;
- шыршаның түбін мақтамен қаптамау;
- шыршаны тек өнеркәсіптік өндірістің электр гирляндаларымен жағуға;
- ғимаратта от жағуға, петарда мен бенгал шамдарын қолдануға және отшашу атуға болмайды.

Сондай-ақ, пиротехникалық құралдарды пайдалану жолын түсінбесеңіз және нұсқаулықта көрсетілмеген болса немесе сіз түсінбейтін тілде жазылған болса қолданбаңыз.

Қолдан жасалған **пиротехникалық құралдарды** пайдалануға және іс-шараға өткір және тесетін заттарды әкелуге **қатаң тыйым салынады.**

Тәртіпті сақтау, өрт қауіпсіздігіне жауапты әкімшіліктің, полицияның және басқа да тұлғалардың заңды ескертулері мен талаптарын орындау;

- басқаларға қауіп төндіретін және төтенше жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеу;
- іс-шаралар аяқталғаннан кейін ғимараттар мен құрылыстардан ұйымдасқан түрде шығуды жүзеге асыру;
- эвакуация туралы ақпаратты алған кезде әкімшілік пен тәртіпті қамтамасыз етуге, тыныштықты сақтауға жауапты тәртіп сақшыларының нұсқауларына сәйкес әрекет ету **талап етіледі.**

Мектеп ғимаратына 30 метрден жақын жерде, сондай-ақ тұрғын үйлердің, жанғыш заттардың жанында, аласа қоршаулар мен ағаштар астында «отшашуларды» ұйымдастыруға;

- пиротехникалық заттарды қалтада ұстауға;
- тұтану кезінде фитильді бетке жақын ұстауға;
- қатты желде пиротехникалық құралдарды қолдануға;
- адамдарға зымырандар мен отшашуларды бағыттауға
- адамдардың аяқтарының астына петарда лақтыруға;
- жанып тұрған отшашулардың үстінен үңіліп қарауға;
- жанып тұрған пиротехникалық заттардан 15 метрден жақынырақ болмауға **қатаң тыйым салынады.**

Scanned with CamScanner

**Бекітемін**
**Мектеп директорының**
**міндетін уақытша атқарушы:** М.Омаров.

№26»Келес» жалпы орта білім беретін мектебі
**«Қош келдің,Жаңа жыл!»** мерекелік іс-шара жоспары

| № | Іс-шара атауы | Орындалу мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектепте **«Қош келдің, Жаңа жыл!»** мерекелік іс-шарасын 1-11 сыныптар аралығында өткізу. | 22-28 желтоқсан 2023ж | Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Алтыбаев З.Абылбаева Мектеп психологы Л.Дүйсенова Сынып жетекшілері |
| 2 | **«Қош келдің, Жаңа жыл!»** мерекелік іс-шараларына дайындық барысында әрбір білім алушыға жеке көзқарас қағидаларын балалардың қауіпсіздігі мен амандығын сақтауды қамтамасыз ету. | 25-28 желтоқсан 2023ж | Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Алтыбаев З.Абылбаева Мектеп психологы Л.Дүйсенова Педагог ұйымдастырушы Б.Аденбеков Сынып жетекшілері |
| 3 | Оқушылардың денсаулығына қауіпті жағдайлар мен олардың алдын алу мақсатында қосымшада берілген қауіпсіздік нұсқаулығын басшылыққа алу. | 25-28 желтоқсан 2023ж | Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Алтыбаев З.Абылбаева Мектеп психологы Л.Дүйсенова Педагог |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ұйымдастырушы Б.Аденбеков Сынып жетекшілері |
| 4 | **«Қош келдің, Жаңа жыл!»** мерекелік іс-шаралар жоспарын бекітіп, мектептің ресми сайты Facebook парақшаларына жарияланып және атқарылғаны жөніндегі ақпаратты а.ж 29 желтоқсаннан кешіктірмей **dusebek_86@ mail.ru** электронды почтасына жолдау. | 29 желтоқсан 2023ж | Педагог ұйымдастырушы Б.Аденбеков |

Дайындаған: А.Алтыбаев.

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| **Бекітемін:** | **Тексерілді:** |
| Мектеп директоры м.у.а | Директордың тәрбие ісі |
| М. Омаров | жөніндегі орынбасары |
| | А.Алтыбаев |

# *Қош келдің, Жаңа жыл!*

***( мерекелік іс-шара)***

***Сынып: 9а***

***Сынып жетекшісі: Раманқұлова Г***

***2023-2024жж***

Scanned with CamScanner

«Қош келдің, Жаңа жыл!»

**Жүргізуші 1: Саламатсыздар ма, ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!**

Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бағыт,
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.
Ұлу жылы кеп қалды ортамызға,
Жақсылықпен жалғассын жаңа уақыт.

**Жүргізуші 2:**

Құтты болсын жаңа жыл, барша халық.
Қуанышқа, шаттыққа тамсанайық.
Бірімізге шынайы тілек тілеп,
Бар әлемге бақытпен жар салайық!

**Жүргізуші 1:**

Жаңа күнде ән қылып,
Тек жүреміз сән құрып.
Көңілдердей қартаймай,
Шырша тұрар мәңгілік!

Білесің бе, осы Жаңа жыл әлемдегі ең көп, әрі ең керемет тойланатын мереке екен.

**Жүргізуші 2**: Дұрыс айтасың, бұл күні қуанбаған жан қалмайды. Бәрінің жүздерінде күлкі мен шаттық. Әлемнің әр жерінде от шашулар атылып, жаңа жылдық шыршалар бой көтеріп, еңбектеген баладан еңкейген карияға дейін бақыттың құшағында жүреді екен!

**Жүргізуші 1:** Құрметті, ұстаздар, оқушылар! Сіздерді осындай бақытты шақтың қуанышы – Жаңа жылы мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

**1. Сиқырлы музыка естіледі. Аққаламен Ақшақар шығады**

**Аққала:** Білсең ғой Жаңа Жылды мен қалай жақсы көретінімді ! Шырша, қар, шанамен және конькимен сырғанайсың!

**Ақшақар:** Ал мен одан да жақсы көремін ! Аяз Ата, Ақшақар және өте көп –көп сыйлықтар ! Сыйлықтарды өте ұнатамын!

**Аққала:** Әне саған тек сыйлықтар болса болды!

**Ақшақар:** Ия барлығы сыйлықтарды ұнатады. Міне Сіздер, балалар сыйлықтарды ұнатасыздар ма? Әрине! Көрдің бе?

**Аққала:** Жаңа жыл-бұл ең алдымен мерекелік көңіл-күй және достарыңыз бен жақындарыңызға жағымды әсер ету мүмкіндігі!

**Ақшақар:** Әрине бұл да! Және сыйлықтар ...... (армандап айтады)

**Аққала:** Айтпақшы, сіз келе жатқан жыл қоян жылы екенін білесіз бе ? Менің ойымша, біздің ұлуымыз жақын арада бізге келеді

**Ақшақар**: Және біз Жаңа жыл мерекесін бастаймыз .... (армандап айтады)

**Аққала:** Тезірек бастасақ .... (хабарлама дыбысы) Ой ,менің телефоныма хабарлама келді. Мүмкін Қояннан келген болар, қарайық. Түкке түсінсем бұйырмасын. Мынау қандай хабарлама:
(Оқиды) *Ұлу менде. Торда отыр. Артқы аяғымен жүріп менің барлық бұйрығымды орындайды. Жаңа жыл мерекесі болмайды. Сыйлықтар да . Бақыт, шаттық , қуанышты көңіл күйде . Ха – Ха – Ха . Қорқынышты да жиіркенішті Бармалей...*

**Аққала:** Бұл не?

**Ақшақар:** Бұл кім?

**Аққала:** Бұл нені білдіреді?

**Ақшақар:** Жаңа Жыл болмағаны несі?

**Аққала:** Тыныш, егер Ұлу Бармалейдің қолынан босатқымыз келсе және бәріне Жаңа жылды қайтарғымыз келсе, сабырлық сақтайық.

**Ақшақар:** Бармалей деген кім ? Балалар, сендер білесіңдер ме? (Балалардың жауабы)

Scanned with CamScanner

**Аққала:** Мен білемін. Ол өте зұлым қарақшы және ол өте алыста , Кариб аралында тұрады. Ол қуанғанды және көңіл көтергенді ұнатпайды. Міне сондықтан да ол , Жаңа жылдың символы Ұлуды ұрлап, біздің мерекемізді бұзды.

**Ақшақар:** Ол қалайша оның қолынан келді? Ұлу ақылды әрі күшті емес пе?

**Аққала:** Менің ше ол оны алдап өз қақпанына түсірді. Себебі біздің ұлу кішкентай және өте сенгіш.

**Ақшақар:** Біз енді не істейміз? Оны қайдан іздейтінімізді де білмейміз?

**Аққала:** Ия, оның рас! Әлем өте үлкен. Бармалейдің қайда екенін қайдан білеміз?

**2.Бармалей және қарақшылар шығып (Спорттық нөмір музыкамен) балаларды қорқытады.**

**Бармалей:** Сендер мені таныдыңдар ма? Мен сондай қорқыныштымын

**Пират1:** Сондай жауыз ...

**Пират2:** Зұлым қарақшы Бармалей

**2.Бармалей пират 1 және пират 2 шығады (музыка)**

**Бармалей:** Маған мармелед та, шоколад та керек емес, маған тек кішкентай балалар керек ... Күлкі, қуаныш, мереке , сыйлық дегенді ұнатпаймын! Әсіресе Жаңа жылды! Ең қызық мереке! Бірақ осы жылы Жаңа жыл болмайды!

**Пират1:** Ия болмайды:

**Бармалей:** Ұлу бізге қызмет етеді , біздің барлық бұйрықтарымызды орындайды. 2023 жылды Бармалей жылы деп жариялаймын!

**Пират1,2:** Алақай, Бармалей жасасын!

**Бармалей:** Жасасын мен! Жүріңдер менің достарым – қарақшылар! Жүріңдер Ұлуды үйретейік! (Музыкамен кетеді)

***3. Ақшақар мен Аққала таяқпен жүгіріп шығады***

**Аққала:** Мынаны қалай қолданамыз. Білмеймін

**Ақшақар:** Менде білмеймін

**Аққала:** Еңбастысы қорықпау керек. Қане көрейік. Қандай да бір сиқырлы сөз айту керек пе.......

**Ақшақар:** Мен бір сөз білемін....

Тигрики-мигрики-шаранды-баранды ! Біз Кариб аралында болғымыз келеді!

***5.Музыка ойнайды. Бармалей және оның қарақшылары шығады.***

**Бармалей:** Бізді неменеге іздейсіңдер. Міне біз сендердің алдарыңдамыз

**Пират 1:** Сендерге не керек?

**Пират 2:** Негізі бізден бәрі қашушы еді....

**Аққала:** Бізге Ұлуды қайтарыңдар. Ол Жаңа жылдың символы.

**Ақшақар:** Барлық үлкендер мен балалар Жаңа жылды және сыйлықты күтіп отыр

**Аққала:**Қызық пен қуанышты күтіп отыр

**Бармалей:** Енді мен басшымын! Мен биыл Жаңа жыл болмайды деп шештім. Ұлу бізде. Торда отыр. Тек біз көңіл көтереміз.

**Пират1:** Ия тек біз!

**Пират2:** Әлде бізбен тайталасқыларың келе ме?

**Ақшақар:** Бізге көмек керек. Біздің шамамыз келмейді

**Аққала:** Маған бір ой келді. Аяз Ата мен Қарды шақырайық. Олардың қолынан бәрі келеді. Оларсыз ештеңе істей алмаймыз

**Бармалей:** Біз сендердің Аяз аталарыңнан қорықпаймыз. Ақшақарларыңнан да. Олар бізге ештеңе істей алмайды.

**Пират1:** Қорықпаймыз

**Пират2:** Ештеңе істей алмайды

**Ақшақар:** Оны қазір көреміз. Қане балалар , бірге Аяз Ата мен Ақшақарды шақырайық (3 рет шақырады)

***6. Музыка Аяз ата мен Ақшақар шығады. Қарақшылар Бармалейдің артына тығылады?***

**Аяз Ата:** Сәлеметсіңдер ме балалар!

**Снегурочка:** Сәлеметсіздер ме!

Scanned with CamScanner

**Аяз Ата:** Мені шақырыпсыңдар . Бір жағдай болды ма?
**Бармалей:** Ештеңе болған жоқ
**Пират1:** Бәрі ойдағыдай
**Пират2:** Бәрі супер (бармалейдің артына тығылады)
**Ақшақар:** Сәлеметсізбе Аяз Ата. Бізге сіздің көмегіңіз өте қажет.
Бармалей және оның қарақшы достары Жаңа жылдың символы Ұлуды ұрлап әкетті.
**Аққала:** Оны бергілері келмейді
**Ақшақар:** Жаңа жыл болмайды! Аяз Ата, бізге көмектесіңізші
**Аяз Ата** : Көмектесер едім. Менің сиқырлы таяғым жоғалды. Не істерімді білмей тұрмын.
(Қарақшылар қуанады)
**Ақшақар:** Мүмкін сендер білесіңдер , қайда жоғалғанын?
**Аққала:** Аяз Ата, Ақшақар кешіріңіздер! Біз кінәліміз!
**Аяз ата:** Таяқ сендерде ме? Қалай қуанышты. Қуаныштан сендерді кешіремін! Тек бұдан былай олай істемеңдер!
**Аяз Ата:** Қане әкеліңдер таяғымды. Қар, боран, дауыл қарақшылар мейірімді адамдарға айналсын!
(музыка ойнайды, қарақшылар айналады),
**Аяз Ата:** Қане қарақшылар Ұлуды қайтарасыңдар ма?
**Бармалей:** Ұлуды? Қандай ұлуды?
**Аққала:** Сендер Ұлуды ұрлап әкетіп оны бізге бермей тұрсыңдар. Жаңа жылды бұзғыларың келді.
**Пират1:** Біз?
**Пират 2:** Ондай болу мүмкін емес? Біз қайырымды, мейірімдіміз
**Ақшақар:** Дәл қазір қайтарыңдар
**Бармалей:** Әрине, әрине
**Пират1:** Қуана, қуана
**Пират 2:** Зор қуанышпен (Жүгіріп барып, байланған Ұлуды әкеледі)
**Бармалей:** Міне сіздердің Ұлуларыңыз Біреу оны байлап қойыпты
**Пират1:** Қандай томпақ
**Пират2:** Қандай үлпілдек
**Барыс:** Ешқандай да томпақ, үлпілдек емеспін. Мен аң патшасымын. Қазір сендерге көрсетемін
**Аяз Ата:** Ұлу, ашуланба ! Қарақшылар шаршады. Енді олар мейірімді, қайырымды, сенен кешірім сұрайды (қарақшылар басын изейді)
**Ақшақар:** Өтінемін ,кешір оларды. Одан да Жаңа жылды қарсы алайық. Көңіл көтерейік,
**1-жүргізуші:**
Ұлу бізге сәттілік әкелсін
Және барлық армандарын орындады
Жаңа жылда мен сізге тілеймін
Бақыт, қуаныш, махаббат. –дей келе ,кезекті «Жаңа жыл» әніне берейік. Орындайтындар: Мөлдір және Аянат.
2- жүргізуші Оқушылардың орындауында « Флешмоб» 9а
**1-жүргізуші:**
Барлық жандар бір білікке қосқан үн,
Бақытты боп бастады жыл дастанын.
Қуанышпен келді той деп жаңа жыл,
Құтты болсын жаңа бақыт достарым
Жаңа жылдық кешімізге келген мұғалімдер, ата-аналар, оқушылармен ойын ойнайық.
**2-жүргізуші:**
Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бақыт,
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.
Ұлу жылы кеп қалды ортамызға,
Жақсылықпен жалғасын жаңа уақыт.
Жаңа жылда жаңа бақыт тыныштық,

Scanned with CamScanner

...а, жаса достық бірлік туыстық.
...ттықтайық жаңа жылды өнермен,
...уаныштың әр минуты тым ыстық.

**1-жүргіз Қыздардың орындауында флешмоб би. 9 ә**

**2-жүргіз. Әсем ән . Анисаның орындауында «Қош келдің Жаңа жыл»**

1- **Жүргіз. Ұлдардың орындауында флешмоб**

**2-жүргіз. Вальс биі**

1-жүргізуші: Езуіңнен кетпесін сыңғыр күлкің
Аспаның ашық болсын ала бұлтың
Мұржаң қисық болсада, ағайындар
Түтініңнен түзу шықсын, жалпақ жұртым.

Ұлу жылы сәттілікке, бақытқа, молшылыққа толы жыл болсын! Отбасылыларыңызға амандық, береке, бірлік, мол табыс тілейміз. Жаңа жыл құтты болсын!
– дей келе Жаңа жылдық кешімізді аяқтаймыз. Сау болыңыздар!

Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner

№26 «Келес» жалпы орта мектебі

# Ашық тәрбие сағаты

# Тақырып: «Қош келдің,Жаңа жыл»

4-а сынып

Сынып жетекшісі: Мелдеханова.М.О

2023-2024 оқу жылы

Scanned with CamScanner

**«Қош келдің, Жаңа жыл»** атты кеш.

**1 Жүргізуші:**
Барлық жандар бір білікке қосқан үн,
Бақытты боп бастады жыл дастанын.
Қуанышпен келді той деп жаңа жыл,
Құтты болсын жаңа бақыт достарым.

**2 Жүргізуші:**
Құрметті ата аналар, оқушылар, ұстаздар, қонақтар Жаңа жыл мерекесіне арналған «Қош келдің, Жаңа жыл» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер

**1 Жүргізуші:**
Құрметті жамағат жүрекке жылылық ұялатар алғашқы жаңа жылдық құттықтау сөзді білім ұясының білікті басшысына береміз.

**2 Жүргізуші:**
Құтты болсын жаңа жыл, барша халық,
Қуанышқа, шаттыққа тамсанайық.
Бірімізге шынайы тілек тілеп,
Бар әлемге бақытпен жар салайық!

**1 Жүргізуші:**
Жаңа күнде ән қылып,
Тек жүрмеңіз сән құрып.
Көңілдердей қартаймай,
Шырша тұрар мәңгілік.
Ал енді барлығымыз шыршаны айналып «Шырша» жырын айтайық.

**2 Жүргізуші:**
Балалар ортамызға бізбен бір жыл бірге болған сиыр жылын шақырайық. Ескі жыл қайдасың?
- Әне өзі де келе жатыр, бәріміз қосылып Хош келдіңіз делік.
Бәрі: Хош келдің ескі жыл.

**Ескі жыл:**
Ауылдастарым, достарым,
Алғысым көп айтар менің.
Дәл осындай артығырақ,
Қарсы алыңдар ұлу жылын.

**1 Жүргізуші:**
- Ескі жыл сен жаңа жылымыз келген ше бізбен бірге бол. Көңіл көтеріп, ән салып, би билейік.

**2 Жүргізуші:**
Би билейік бұралып,
Қыздар тұр сұранып.
Мен де тұрмын құр қалып,
Шаттанайық қуанып.
- Ескі жылымыздың құрметіне сыныптың орындауында биі. Қарсы алыңыздар.
(Би биленеді)

**1 Жүргізуші:**
Әнші де құс үні бар,
Кірсең кештің сәні бар.
Салайықшы шарықтап.
Жаңа жылдың әніне
Ал ағайын тұрмайық
Жаңа жылды жырлайық.
сынып оқушысының орындауында ән. Қарсы алыңыздар.
(Ән айтылады)

Scanned with CamScanner

**2 Жүргізуші:**
Қараңыздар мынау шыршаға. Неткен сұлу, неткен көрікті еді. Жаңа жылдық шыршамызға барлығы келіпті. Енді аяз атамыз да келіп қалар. Қане барлығымыз Аяз ата, ақша қар, жаңа жылым кел деп шақырайық. Сонда біздің дауысымызды естіп тез келер.
Барлығы: Аяз ата, ақша қар, жаңа жылым кел, кел!
(Аяз ата, ақша қар, жаңа жыл келеді)
**1 Жүргізуші:**
Келді жылым бақытым,
Кемелденді уақытым.
Сәлем саған аяз ата, жаңа жыл,
Жаңа бақыт, жаңа думан, жаңа жыр.
**Аяз ата**: Аяулы ата - аналар, ардақты ұл - қыздар, бүлдіршін балаларыңа бір сәлем!
Қандай жарқын жүздерің,
Қандай әсем жырларың.
Асулармен алысқан,
Аталарың сендерге
Шаршап келді алыстан.
**2 Жүргізуші:**
Сыңғырлашы сырнайым,
Жаңа жылды жырлайын.
Шашбаулы қыз сырғалы,
Ақша қарды тыңдайық.
**Ақша қар:**
Амансыздар ма балалар, ұстаздар, ата аналар! Өздеріңді сағынып келдік, Жаңа жылдарыңыз құтты болсын. Өтіп кеткен қоян жылына аман есен саулық тілеп, келер жылымыз Ұлу жылына табыс жыл, береке, бірлік әкелсін деп, тарих жыл болсын деймін.
**1 Жүргізуші:**
Жаңа жыл жол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрлет, төрлет жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.
**2 Жүргізуші:**
Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бақыт,
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.
Ұлу жылы кеп қалды ортамызға,
Жақсылықпен жалғасын жаңа уақыт.
**Қоян жылы:**
Жаңа жылда жаңа бақыт тыныштық,
Жаса, жаса достық бірлік туыстық.
Құттықтайық жаңа жылды өнермен,
Қуаныштың әр минуты тым ыстық.
(Ортадан ескі жыл шығады)
**Қоян:** Мен ескі жылмын сіздерге молшылық, бақыт әкелдім. Мына келер жылға тілегім.
Жасампаз заман бұл заман
Бүгіннен ертең ғаламат
Алдыңғы сапта боларсың
Хош сау болыңдар балалар! (Ескі жыл кетеді)
**Ұлу жылы:**
Жаңа жылда өнер сынар қайсың бар
Алға шығып өлең тақпақ айтыңдар
Жаңа жылда сыйлық алып қайтыңдар.
**1 Жүргізуші:** Аяз ата, ақша қар, жаңа жылымыздың құрметіне сынып орындауында би.

Scanned with CamScanner

Қарсы алыңдар. (би билеп болғанда сырттан үш ергежей кіріп келеді)
**Ергежей 1:** Аяз ата өзіңізді әрең таптық қой!
Аяз ата: Әй жүгірмектер сендер неғылдеп жүрсіңдер? Қайтыңдар. Қалай жеттіңдер бұл жерге.
**Ергежей 2**: Біз сіздің кәрі бұғыңызды жегіп, сонымен келдік.
**Ергежей 3**: Сіз бізді қалай қайтармақ болсаңыз да, біз қайталамаймыз. Кәрі бұғы шаршап әлсіреп қалды. Оған демалуға уақыт керек.
**Аяз ата:** Тоқтаңдар! Сендер бұларың үшін жауап бересіңдер.
**Ергежей 1:** Сіз жыл сайын жастардың өнерін көремін деп кетіп қаласыз да, біздің өнерімізді байқамайсыз. Бүгін ақыры сәті түсіп тұр екен, біз де осы балаларға өнерімізді көрсетейік.
(Бәрі жамырай шулай кетеді)
**2 Жүргізуші:**
Аяз ата! Біз үшін бұл күтпеген жағдай, әрі тосын сый болды ғой. Оларға несін ренжисіз. Оданда бұларда да өнер бар екен біздің оқушылар Сіздің көмекшілеріңіздің өнерлерін тамашалау. біздер үшін ең жақсы сыйлық. Қане оқушылар сендер Аяз атамыздың көмекшілерінің өнерін тамашалағыларың келеме?
**Оқушылар** : Иә
**Аяз ата:** Жасы. Ендеше өнерлеріңді бастаңдар.
(Ергежейлердің өнер көрсетіледі)
**Аяз ата:** Ой бәрекелді! Осынау ерекше кешті бірінші рет көрдім. Ақша қар, біз шынымен де өзіміздің өнерлі жандарға мән бермей жүр екенбіз ғой.
**1 Жүргізуші:** Рахмет сендерге. Сендердің де өнерлеріңді тамашаладық. Енді алыстан ат терлетіп келіпсіңдер, біздің оқушылардың да өнерін көріңдер
**2 Жүргізуші:**
Дөңгеленіп тұрайық,
Ойын сауық құрайық.
Ән шашуы шашылсын,
Жаңа жылға ылайық!
Ортада сынып оқушысы орындауында ән.
**Аяз ата:** Ал қарақтарым мені күтіп отырған қаншама ел мен жер бар. Сонда барайын.
Сендерге көп рахмет. Өнерлерің өрге жүзсін. Биік шыңдардан көріңіңдер!
Жаңа жыл жаңа бақыт, әкелсін далама құт.
Өнерлерің көп болсын, елде уайым жоқ болсын.
Тілектерің ақ болсын, бастарыңа бақ қонсын.
Келер жылы келермін, өнер тағы көрермін.
Сыйлық әкеп сендерге, көптен - көптен берермін.
Жақсылыққа толыңдар, тек биікке қоныңдар.
Келесі жылы көргенше, амандықта болыңдар.
**1 Жүргізуші**:
Ал құрметті достар! Бәріміз бірге Аяз атаны шығарып салайық.
**2 Жүргізуші:**Аяз ата, келесі кездескенше аман болыңыз. Біз сізді асыға күтеміз.
(Аяз ата, ақша қар кетеді. )
**1 Жүргізуші:**Құрметті достар!
**2 Жүргізуші:** Қадірлі ұстаздар, қонақтар!
**1 Жүргізуші:** Жаңа жыл! Осы жыл барлық отбасыларымызға бақыт пен шаттық әкелсін. Еңбектеріңіз жемісті болсын. Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған тоқшылықта болайық.
**2 Жүргізуші:** Жаңа жыл құтты болсын! Келесі кездескенше сау – саламатта болыңдар!

**Жаңа жылға арналған тақпақтар:**

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

№26 «Келес» жалпы орта мектебі




# Ашық тәрбие сағаты

**Сынып:8-б**

**Өткізген: Диникул Айнагул**

Scanned with CamScanner

1 - жүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты ұстаздар мен оқушылар!

2 - жүргізуші: "Алғыс айту - парызым!" атты ризашылық күніне арналған мерекелік концертімізге қош келдіңіздер!

1 - жүргізуші: Бұл күні барлық адамдар бір-біріне қуаныш сыйлайды, алғыс айтады. Алғыс адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, жылы сөзі.

2- жүргізуші: Талайды тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күні де белгіленді.

1 - жүргізуші: Осылайша, 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды «Алғыс айту күні»- деп жариялады. Тұңғыш рет Алғыс айту күні деп жариялау туралы № 173 жарлыққа қол қойды.

2 - жүргізуші: Алғыс — біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рахмет айтуы. Алғысты сөзбен немесе қимыл, іс-әрекет, заттай сыйлық беру, тіпті жақсы қарым-қатынас түрінде де білдіруге болады. Әркім Алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым-қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алады. Қазақ халқының ұғымында неғұрлым көп .

2 - жүргізуші:
Ендігі кезекті өлең,жырларға береміз

1 Асылжан

2 Арнұр

3 Алмаш

4 Сүндет

1 – жүргізуші Қазақ қызы күлімдер күн көзіндей

Дөңгеленіп билейді ай жүзіндей

Жұлдыздардай өрнекті аспандағы

Биші қыздар бұрала билейді би. «Күй шашу» биі

Scanned with CamScanner

2- жүргізуші «Досым» әні орындайтын Нұрмағанбет Айғаным

1 - жүргізуші: Қыздардың орындауында «Хибиб» биі

2 - жүргізуші: Ана - әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың амандығын, бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды.

1 - жүргізуші: Анам менің өмірдегі тірегім

Анам менің кеудемдегі жүрегім

Егер менің қасымда сен болмасаң

Бұл өмірде қалай ғана жүремін . Хор « Ана»

2 - жүргізуші: Қыздардың орындауында би · Араб биі

1 - жүргізуші: Отбасының басты қызығы, алтын тіреу діңгегі – бала.. Халық мақалында «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деп табиғаттың тамаша құбылысына теңеген екен. Әке – ұрпақ иесі, панасы, үй басшысы. Жеті атадан санағанда екінші ұрпақ. Әке – бала үшін шыңы биік асқар тау.

2 - жүргізуші:Ән «Әкеге мың алғыс» орындайтын Махамбетәлі Асылжан

1 - жүргізуші: Би «Құдаша»

2 - жүргізуші:Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!
Шәкіртке шыңдай биік алыпсыздар.
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.

1 - жүргізуші:
: Иә, мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап білімнің кәусар бұлағынан сусындататын асыл жандар - аяулы ұстаздар туралы қанша мақтау сөздер

Scanned with CamScanner

айтсақ та тауыса алмаспыз.

2 - жүргізуші: Құрметті ұстаздар, мектеп оқушыларының атынан көрсеткен қамқорлықтарыңыз бен аялы алақан, жылы лебіздеріңіз үшін басымызды иіп, рақметімізді айтамыз. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз.Ән «Ұстазым» орындайтын Абдрахман Ақниет.

1 - жүргізуші: «Қара жорға»биі

2 - жүргізуші: Құлақтан кіріп бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең, менше сүй деп, келесі кезекте Нұрмағанбет Айғаным қыздарыңыздың өнерін тамашалаңыздар. Ән «Ата-анаға алғыс»

1 - жүргізуші: Ән «Алғыс» орындайтын Әбдрәсіл Алмаш

-

2 - жүргізуші:
Осымен «Алғыс айту-парызым !» атты Ризашылық күніне арналған мерекелік концертімізді аяқтаймыз, келіп тамашалағандарыңыз үшін көп - көп рахмет!

Сөз кезегін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Алтыбаев Арапбай ағайға сөз кезегін береміз.

Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner